

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

25.09.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Абишова Г.У. – 6B05146-Биология БББ-на жауапты мүше, аға оқытушы;
2. Ибрагимова Э.Қ. – 6B05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.;
3. Бабаева Г.А. – аға оқытушы;
4. Мәулен М. – 6B05146-Биология, 4 курс студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу. 2024-2025 оқу жылына жұмыс, ББ 2024-2029 жж даму жоспарын әзірлеу. ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізу
3. Қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша АҚ төрайымы Абдраимова Қ.Т. Күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырды: АҚ жұмысын ұйымдастыру; Ережелерімен танысу; 2024-2025 оқу жылына АҚ жұмыс жоспарын әзірлеу. «Биология және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспарының құрылымымен, ережелермен таныстырды.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.Бабаева:

Жаратылыстану бағытын бойынша білімгерлердің келешек кәсіби білімінің іргетасы ретінде теория мен практиканы қатар алып жүретін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда, жүргізуде заманның талабына жауап беретін қолданбалы әдістерді пайдаланатын, ғылыми дереккөздермен, халықаралық стандарттармен, жұмыс жасау әрекеттері жүйелі, нақты қолдану қабілетін меңгерген, коммуникациялық дағдыларға қабілетті, топпен, ұжымда жұмыс жасай алатын, ғылыми кеңістігінде бәсекеге қабілетті, бакалаврларды даярлау бүгінгі кадр даярлау нарығының талабы. Сондықтан, БББда қарастырылған құзыреттіліктерге қол жетуге мүмкіндік беретін әр пән, тақырып бойынша игерілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін кең қолдануға ықпал ету маңызды.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.Абишова:

Академиялық комитет мүшелері университет сайтындағы (<https://ayu.edu.kz/akademijaly-kommitetter>) Академиялық комитет ережесі, ББ әзірлеу және жаңарту ережесі, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу

қағидаларымен, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмімен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықпен танысып, осы құжаттар негізінде жұмыстар атқарылуы тиіс.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Ибрагимова:

ББ ішкі нормативтік талапқа сай, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы (БПЖАҰО) директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 н/қ бұйрығы, 1-қосымшаға сай рәсімделіп, қолданыста, яғни оқу процессінде пайдаланылуда.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша, Қ.Абдраимова: ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшасына сәйкестігіне тоқталып, келесі түрде мәлімет ұсынды:

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бойынша В051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты, 6В05146 - Биология БББ-сы академиялық топтарына білім беретін ОПҚ педагогикалық жүктемеге сай Ғалымнұр біліктілікті арттыру және қосымша білім (Түркістан қ.) "ASTANA JOBALARY" ХРЖҰО (Астана қ.), "Тұран" біліктілік арттыру орталығы (Түркістан қ.), Озық педагогикалық тәжірибе орталықтарынан (Жетісай) бейініне байланысты, пәндер бойынша (72 сағат) сәйкес біліктілікті жоғарылату курстарынан өтіп, сертификаттар алды.


Осымен бірге, 6В05169 - Биотехнология БББ-сы бойынша «Бионанотехнология» пәнінен Түркия Республикасы, Анталия қ, IKSAD Institute and Antalya Metropolitan орталығынан біліктілік сертификаты бар.

Келесі сұрақ қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдауға арналады. 2024-2025 оқу жылының бірінші мәжілісінде академиялық комитеттің жұмысына сәттілік тілеп, қыркүйек-қазан айларында орындалған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептеуге болады. Алдыңғы уақытта жұмыстар өте ауқымды, өз кезегінде «бірігіп көтерген жүк жеңіл демекші...» бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табатыны анық.

Шешім: Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қыркүйек-қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



Қ.Т.Абдраимова

Г.У.Абишова